

Бонустық бағдарлама талаптары шеңберінде бонустар есептеу мөлшерлемесі

Бонустар есептелуі үшін сатып алудың ең төменгі сомасы — 500 теңге.

#	Бонустың атауы / Карточкалық өнім ¹	Стандартты карталар Mastercard World/Visa Gold	Премиум карталар Mastercard World Black Edition/Visa Signature	Люкс Mastercard World Elite/Visa Infinite	Affluent Mastercard World Elite/Visa Infinite	Автокарта Mastercard World	Приват-банкинг Mastercard World Elite (металл)/Visa Infinite (металл)	Экокарта Mastercard World
1	Welcome бонус²	500 бонус	500 бонус	500 бонус	500 бонус	500 бонус	500 бонус	500 бонус
2	Apple/Samsung/Google/Garmin Pay-мен төлем жасаған кездегі сатып алу үшін, барлық карталар бойынша өткен айдағы қолма-қол ақшасыз айналым кезінде³:							
	150 000 теңгеге дейін (Standard деңгейі)	1%	1%	3%	3%	1%	1%	1%
	150 001 -ден 300 000 теңгеге дейін (Standard+ деңгейі)	2%	2%	3%	3%	2%	2%	2%
	300 001 теңгеден бастап (Advanced деңгейі)	3%	3%	3%	3%	3%	3%	3%
3	Интернеттен сатып алу үшін, барлық карталар бойынша өткен айдағы қолма-қол ақшасыз айналым кезінде⁴:							
	150 000 теңгеге дейін (Standard деңгейі)	1%	1%	3%	3%	1%	1%	1%
	150 001 -ден 300 000 теңгеге дейін (Standard+ деңгейі)	2%	2%	3%	3%	2%	2%	2%
	300 001 теңгеден бастап (Advanced деңгейі)	3%	3%	3%	3%	3%	3%	3%
4	Депозит (салым) болған кезде сомаға сатып алу үшін⁵:							
	1 500 000 -ден 5 000 000 теңгеге дейін	1%	1%	1%	1%	1%	1%	1%
	5 000 001 теңгеден бастап	2%	2%	2%	2%	2%	2%	2%
5	Сүйікті санат⁶:							
	Саяхат	1%	1%	2%	2%	1%	2%	1%
	Мейрамханалар, кафе	1%	1%	2%	2%	1%	2%	1%
	Киім және аксессуарлар	1%	1%	2%	2%	1%	2%	1%
	Авто	1%	1%	2%	2%	1%	2%	1%
	Денсаулық	1%	1%	2%	2%	1%	2%	1%
	Супермаркеттер	1%	1%	2%	2%	1%	2%	1%
	Ойын-сауық ¹⁰	30%	30%	30%	30%	30%	30%	30%
6	Қосымша бонустар:							
	Туған күнге бонус ⁷	5%	5%	5%	5%	5%	5%	5%
	Сақтандыру полисі он-лайн eurasia36.kz сайтында	5%	5%	5%	5%	10%	5%	5%
7	Әдепкі бойынша белгіленген сүйікті санат⁸							
	Авто	-	-	-	-	5%	-	-
	Саяхат	-	5%	5%	5%	-	-	-
	ZOO	-	-	-	-	-	-	5%
8	Ай сайынғы лимит⁹	30 000	50 000	70 000	100 000	30 000	170 000	30 000

¹ Бонус есептелмейтін Карталарды қоспағанда: Бөліп төлеу функциясымен Payda Кредиттік картасы, Бөліп төлеу Кредиттік картасы, «Еуразия» Кредиттік картасы, «Еуразия» (Moto GP) Кредиттік картасы, Әлеуметтік карта, «Vanilla» Пакеті, Visa Platinum, Mastercard Standard, Visa Classic, Балалар картасы, «Diamond credit card» кредиттік лимитімен бөліп төлеу картасы, Smartcard

² Бонус бонустар есептеуге күн сайынғы/ай сайынғы лимиттерден тыс есептеледі.

³ Бонус Apple Pay/Samsung Pay/Google Pay/Garmin Pay көмегімен POS-терминалдарда және интернетте жүргізілген сатып алуларға ғана есептеледі. Бонус "Интернеттен сатып алғаны үшін бонуспен" қосылмайды.

Есептелетін бонустардың мөлшері Клиенттің қолындағы Банк шығарған барлық Қарталар бойынша алдыңғы Есептік кезеңдегі Қолма-қол ақшасыз айналымға байланысты. Бұл ретте, Клиенттің Қарталары бойынша Қолма-қол ақшасыз айналым сомасын есептеу кезінде Банктің ресми сайтында (www.eubank.kz) орналастырылған бонустар есептелмейтін Ерекшеліктер тізімінде көрсетілген Retail операциялары ескерілмейді. Көрсетілген шектеулер Банктің мобильді қосымшасында жүргізілген төлемдерге қолданылмайды. Ағымдағы Есептік кезеңде Қолма-қол ақшасыз операцияның күшін жойған (қайтарған) жағдайда, алдыңғы Есептік кезеңдегі Қолма-қол ақшасыз айналымның жалпы сомасы қайтарылған Қолма-қол ақшасыз операцияның сомасымен барабар сомаға азаяды.

Сондай-ақ Қарталар бойынша Қолма-қол ақшасыз айналымды есептеген кезде, «Букмекерлер» санат ыбынша төлемдерді қоспағанда, Банктің "Eurasian bank" мобильді қосымшасында, "Төлемдер" бөлімінде, сондай-ақ «Кредитті өтеу» санаты бойынша (ай сайынғы төлемдер, ішінара-мерзімінен бұрын өтеу, толық мерзімінен бұрын өтеу) жүргізілген төлемдер ескеріледі.

⁴ Сатып алуларды Apple Pay/Samsung Pay/Google Pay/Garmin Pay көмегімен төлеген кезде бонус есептелмейді.

⁵ Қосымша бонус Қолма-қол ақшасыз операциялар үшін, клиент - жеке тұлғаның депозиттеріндегі (салымдарындағы) жиынтық сома тиісті Қолма-қол ақшасыз операциялар жасағанға дейін 3 (үш) жұмыс күні бұрын 1 500 000-нан 5 000 000 теңгеге дейінгі (1% бонус) немесе 5 000 001 теңгеден жоғары соманы құраған жағдайда (2% бонус) қолданылады. Жиынтық қалдық теңге валютасындағы депозиттер (салымдар) бойынша есепке алынады.

⁶ Бонус келесідей есептеледі: POS-терминалдарда, Apple Pay/Samsung Pay/Google Pay/Garmin Pay көмегімен жүргізілген сатып алулар үшін, төлем тәсіліне байланыссыз интернеттегі сатып алулар үшін. Клиент күнтізбелік айдың әрбір 1 (бірінші) күні Банктің мобильді қосымшасындағы 7 санаттың 1-уін таңдай алады.

⁷ Клиент туған күнінде Қарталар бойынша жүргізілген операциялар үшін 5% мөлшерінде қосымша бонустар алады (операция жүзеге асырылатын елдің уақытымен сағ. 00:00 -ден 23:59 -ге дейін).

Бонус тек негізгі Карта бойынша есептеледі. Қосымша Қарталар бойынша бонустар есептеу жүргізілмейді.

Қарталар бойынша ай сайынғы лимиттерді есептеусіз, туған күні бонустар есептеуге арналған лимит 100 000 бонусты құрайды.

⁸ Карта бойынша әдепкі белгіленген сүйікті санат, ол Карта бойынша таңдалған сүйікті санатымен қосылады.

⁹ Бонустарды есептеуге арналған лимиттер бір Клиентке, Қарталар санына, оның ішінде басқа карточкалық өнімдерге қарамастан қолданылады. Клиентте Қарталардың бірнеше түрі болған және ол бойынша операциялар жүзеге асырылған кезде, бонустар есептеуге арналған максималды лимит ең көп лимиті бар Карта мен басқа Қарталардың нақты пайдаланылған лимиттері арасындағы лимиттердің айырмасы ретінде айқындалады.

Қосымша Қарталар бойынша бонустарды есептеу Қартаның негізгі ұстаушысының бонустық шотына жүргізіледі.

¹⁰ Бонустарды күнделікті есептеу лимиті бір клиентке 10 000 бонусты құрайды.